

Қазақстан Республикасының аумағында жануарларға мемлекеттік санақ және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 тамыз N 1153. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.05. N 1 қаулысымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 21 қазандағы N 2463 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Жануарларға мемлекеттік санақ және жануарлар дүниесінің Мемлекеттік кадастрын жүргізудің қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 1 т а м ы з д а ғ ы
N 1 1 5 3 қ а у л ы с ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

Жануарларға мемлекеттік санақ және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізу ТӘРТІБІ

1. Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін қорғау мен ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін жануарлардың географиялық таралуын, олардың тіршілігі мен саны, мекендейтін жерлері, оларды шаруашылыққа пайдалану жөніндегі мәліметтерді және басқа деректерді жинақтайтын жануарларға мемлекеттік санақ жұмысы және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры жүргізіледі.

2. Барлық ведомстволар бойынша жануарларға жүргізілген мемлекеттік санақ және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры туралы деректерді қорыту, сондай-ақ жануарларға мемлекеттік санақ пен жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізуге мемлекеттік бақылау жасау жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілетті органдарға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің генетикалық қоры кітабын жүргізу және басып шығару мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар

министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясына жүктеледі.

3. Жануарларға мемлекеттік санақ жүргізу және оларды пайдалану, сондай-ақ жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын және соған байланысты барлық құжаттарды жүргізу, қорыту, сақтау мына ұйымдарға:

аңшылық объектілері болып саналатын жабайы жануарлар бойынша - жалпы пайдаланудағы алаптарда Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Бас басқармасына және өздеріне бекітіліп берілген алаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізетін кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға;

Балық кәсіпшілікпен ауланатын омыртқасыздар мен кәсіпшілік теңіз сүт қоректілері бойынша - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы су тоғандарындағы балық қорларын қорғау және табиғат пайдалануға бақылау жасау жөніндегі Бас басқармасына;

насекомдар - өсімдік зиянкестері (орман зиянкестері насекомдарынан басқа) және ауыл шаруашылығы дақылдары үшін пайдалы насекомдар бойынша - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне;

насекомдар - орман зиянкестері және орман үшін пайдалы насекомдар бойынша - Қазақстан Республикасының - Орман шаруашылығы комитетіне, сондай-ақ басқа да министрліктер мен ведомстволардың орман шаруашылығын жүргізетін кәсіпорындарына, мекемелеріне және ұйымдарына;

Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар бойынша - мүдделі ұйымдар мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне және Ұлттық ғылым академиясына;

айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың барлық жануарлары бойынша - өз қарамағында осындай жануарлар бар министрліктерге, ведомстволарға және ұйымдарға;

инфекцияның табиғи ошақтары бар және адамның денсаулығына қауіпті аудандарда мекендейтін жануарлар бойынша - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне жүктеледі.

4. Жануарларға мемлекеттік санақ құжаттамаларының және оларды пайдалану, жануарлар дүниесінің Мемлекеттік кадастры туралы деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік осы құжаттамаларды жүргізуші кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшыларына жүктеледі.

5. Мемлекеттік санақ және мемлекеттік кадастрды жүргізу Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Бас басқарма және Балық шаруашылығы су тоғандарындағы балық қорларын қорғау және табиғат пайдалануға бақылау жасау жөніндегі Бас басқарма, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі,

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы әзірлеген және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі бекіткен бірыңғай әдістеме бойынша жүзеге асырылсын.

6. Жануарларға мемлекеттік санақ жүргізу, оларды пайдалану және жануарлар дүниесінің Мемлекеттік кадастрын жүргізу ережелерін, сондай-ақ мемлекеттік санаққа жататын және мемлекеттік кадастрге қосылатын жануарлар түрлерінің (түрлер топтарының) тізімін (тізбесін) Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Бас басқармасы және Балық шаруашылығы су тоғандарындағы балық қорларын қорғау және табиғат пайдалануға бақылау жасау жөніндегі Бас басқармасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Тұтынушылар одағы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әзірлейді және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі бекітеді.

Жануарларға мемлекеттік санақ жүргізу, оларды пайдалану және жануарлар дүниесінің Мемлекеттік кадастрын жүргізу ережелері мынадай:

Республика аумағында тұрақты және уақытша тұрақтанған, табиғи жағдайда құрлықта, суда, атмосферада және топырақта тіршілік ететін жабайы жануарлардың (сүтқоректілердің, құстардың, бауырымен жорғалаушылардың, қосмекенділердің, балықтардың, сондай-ақ моллюскалардың, насекомдардың және басқа да жануарлардың) таралуы, сан мөлшері және пайдаланылуы туралы;

Бұл мәліметтер жалпы республика, облыстар және жекелеген аудандар аумағы бойынша жануарлар дүниесінің тіршілігіндегі сандық және сапалық өзгерістерді бақылау мақсатымен ауық-ауық анықталып тұруы тиіс.

Жануарлар дүниесінің Мемлекеттік кадастрында жануарларға жүргізілген мемлекеттік санақ, сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша оларды пайдалану мәліметтері, сонымен бірге жануарлар дүниесін қорғауды, арнаулы кәсіптік аңшылық, балық шаруашылықтарын және басқа да салаларды жоспарлауды, орналастыруды және мамандандыруды қамтамасыз етуге қажетті басқа да мәліметтерді, жануарлар дүниесін пайдалануға, олардың қорларын анықтау мен болжауға байланысты басқа да шараларды жүзеге асыру, жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеу шараларын ұйымдастыру деректері көрсетіледі.

7. Жануарларға мемлекеттік санақ жүргізу, оларды пайдалану және

Мемлекеттік кадастрды жүргізу, жануарлар дүниесі ресурсын пайдаланатын тиісті министрліктер мен ведомстволардың өз қаржыларымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК